



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 13 желтоқсан

«Qazaq Banki» АҚ-ты мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енді

Алматы қалалық сотының (апелляциялық коллегиясының) 2018 жылдың 29 қарашада түскен шағымды қайтарумен байланысты 2018 жылғы 12 желтоқсанда Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылғы 24 қазандағы «Qazaq Banki» АҚ-ты мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енді.

Жеке және дара кәсіпкерлердің «Qazaq Banki» АҚ-тағы салымдарда орналастырылған, ағымдағы шоттардағы және төлем карточкаларындағы ақшаны өтетіп алу құқығы бар. Өтемақы жинақталған сыйақы ескеріле отырып, депозит бойынша қалдық сомасы шегінде, бірақ төмендегі ең көп кепілдік берілген сомадан аспайтын мөлшерде «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-тың (бұдан әрі – ҚДКҚ) қаражатынан төленетін болады:

- 10 миллион теңге – ұлттық валютадағы депозиттер бойынша,
- 5 миллион теңге – шетел валютасындағы депозиттер бойынша.

Бір салымшының «Qazaq Banki» АҚ-та теңгемен де, шетел валютасымен де орналастырылған депозиттері бойынша жиынтығы 15 миллион теңгеге дейінгі мөлшерде өтемақы төленеді, бұл ретте шетел валютасындағы депозит бойынша – баламасы 5 миллион теңгеден аспайды.

Шетел валютасындағы депозиттер бойынша өтемақы теңгемен төленеді: агент-банкте ақшаны нақты алу күніне қарамастан өтемақы сомасын есептеу үшін 2018 жылғы 12 желтоқсандағы айырбастау бағамы қолданылатын болады. Салымдар бойынша сыйақыны есептеу және капиталдандыру 2018 жылғы 12 желтоқсанда тоқтатылды.

«Qazaq Banki» АҚ-тың салымшыларына «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ агент-банк арқылы төлеу 2018 жылғы 24 желтоқсанда басталады. 2018 жылғы 24 желтоқсанға дейін «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ салымшылардың өтініштерін қабылдауға және кепілді өтемақы төлеуге құқылы емес.

«Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ агент-банкі өтемақыны алты ай ішінде төлейтін болады – 2018 жылғы 24 желтоқсанның бастап 2019 жылғы 24 маусымға дейін. Ол үшін жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер - «Qazaq Banki» АҚ-тың клиенттері агент-банктің Қазақстан аумағындағы кез келген филиалына немесе бөлімшесіне жүгінуге құқылы.

ҚДКҚ арнайы резерв қаражаты есебінен «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ агент-банкі «Qazaq Banki» АҚ-тың салымшыларына өтемақы төлеу үшін толық көлемде ақша қаражатымен қамтамасыз етеді. Агент-банк «Qazaq Banki» АҚ салымшыларының өтініштерін агент-банкке ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарауға құқылы. Агент-банкке жарты жыл ішінде жүгінбеген салымшылар агенттік

келісімнің қолданылуы аяқталғаннан кейін Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорында тікелей өтемақы алуға құқылы.

Қазіргі кезде ҚДКҚ және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тағайындаған АО «Qazaq Bankі» АҚ-тың тарату комиссиясы мына жұмысты жүргізуде:

- «Qazaq Bankі» АҚ-тың тарату комиссиясы «Qazaq Bankі» АҚ-тың 18 246 салымшысының әрқайсысының алдындағы міндеттемелердің бірыңғай тізілімін, оның ішінде соттың шешімі заңды күшіне енген күнгі теңгенің шетел валютасына қатысты айырбастау бағамы өзгеруін, салымдар бойынша сыйақыны есептеу мен капиталдандыруды, салымшылардың банк алдындағы міндеттемелеріне талаптарды өзара есепке алуды, сондай-ақ «Qazaq Bankі» АҚ-ты лицензиясынан айырғаннан кейін келіп түскен ақшаны салымшылардың шоттарына есептеуді ескере отырып қалыптастырады;

- ҚДКҚ тарату комиссиясынан салымшылар тізілімін алады, деректерді тексереді және «Qazaq Bankі» АҚ салымшыларының алдындағы міндеттемелерді орындау үшін салымшылар тізілімін агент-банкке береді;

- ҚДКҚ 20,4 миллиард теңге көлемінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі арнайы шотында ақшаны резервтеді, олар «Qazaq Bankі» АҚ-тың 18 246 салымшылары алдындағы міндеттемелерін толық көлемде төлеу үшін агент-банкке аударылады.

Аталған іс-шаралар 2018 жылғы 24 желтоқсанға дейін аяқталатын болады.

24 желтоқсаннан бастап салымшылардың өтініш беруі және өтемақы алуы үшін Алматы, Астана, Шымкент, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Семей, Талдықорған, Тараз, Орал және Өскемен қалаларындағы агент-банк филиалының және бөлімшесінің кез келген операциялық залына өтініш беруі қажет. Өзінде жеке басын куәландыратын құжаты болуы қажет, ал салымшыны сәйкестендіру жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) бойынша жүзеге асырылады. Қолданыстағы төлем қағидаларына сәйкес талап ету құқықтарын растау үшін банктік салым шарты немесе кіріс кассалық ордерлер талап етілмейді. «Qazaq Bankі» АҚ салымшысының өкіліне нотариат куәландырған сенімхат бойынша өтініш беруге және өтемақы төлеуге рұқсат етіледі.

«Qazaq Bankі» АҚ салымшыларының қолма-қол ақшаны агент-банктің кассасынан немесе қолданыстағы банктік шоттан қолма-қол ақшасыз аударым арқылы алуына болады. «Qazaq Bankі» АҚ салымшылары агент-банктің қолданыстағы депозиттік бағдарламалары бойынша өтемақы сомасына агент-банкте депозит немесе шот аша алады.

«Qazaq Bankі» АҚ-тың 18 246 салымшысының ішінен 17 369 салымшының кепілдік берілген сома шегінде депозиттері бар және өтемақыны толық көлемде алады. 877 салымшының кепілдіктің ең жоғары сомасынан жоғары талаптары бар – бұл жағдайда агент-банктен өтемақы алумен қатар, олар (салымшылар) «Qazaq Bankі» АҚ-тың тарату комиссиясына кепілдікпен өтелмейтін сомада өз талаптарын ұсынуға құқылы. Тиісті құжаттарды беру тәртібі мен мерзімдерін «Qazaq Bankі» АҚ-тың тарату комиссиясынан қосымша нақтылауға болады:

Алматы қ.: +7 (727) 380 39 51 телефоны бойынша немесе: Назарбаев даңғылы, 279-үй мекенжайы бойынша.

Астана қ.: +7 (717) 291 92 60 телефоны бойынша немесе: Қонаев к-сі, 14/3-үй мекенжайы бойынша («Нұрсая» бизнес орталығы), 1-2-қабаттар.

Депозиттер бойынша кепілдіктер туралы мамандардың консультациясын «ҚДКҚ» АҚ-тың

8 8000 80 10 20 телефоны (мобильдік телефоннан қоңырау шалу тегін) бойынша алуға болады. Қосымша ақпаратты интернет – ресурсынан: www.kdif.kz алуға болады.

Агент-банктің филиалдары мен бөлімшелерінің мекенжайлары «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ: www.vtb-bank.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Қосымша ақпаратты агент-банктің анықтама қызметінен: 5050 нөмірінен (мобильді телефоннан қоңырау шалу тегін) алуға болады.

Анықтама үшін: «Qazaq Banki» АҚ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы шешімінің негізінде барлық банктік операцияны жүргізуге лицензиясынан айырылды. 2018 жылғы 24 қазанда Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты «Qazaq Banki» АҚ-ты мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдады. 2018 жылғы 29 қарашада соттың шешімі бойынша апелляциялық шағым берілді. Апелляциялық шағым бойынша сот ісінің тоқтатылуына байланысты Алматы қаласының МАЭС-тің 2018 жылғы 24 қазандағы шешімі 2018 жылғы 12 желтоқсанда заңды күшіне енді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:
+7 (727) 704 585
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz